

ҚР МКМ Салық полициясы комитетінің Салық полициясы академиясына қабылдау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі Салық полициясы комитеті төрағасының 2000 жылғы 25 мамырдағы N 51 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1175. Күші жойылды - Қаржы полициясы агенттігі төрағасының 2001 жылғы 6 маусымдағы N 80 бұйрығымен. ~V011562

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылдың 25 наурызындағы N 247 V001118_ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарына қабылдаудың біртекті Ережелеріне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің Салық полициясы академиясына қабылдау Ережесі" ұсынылған толықтырулармен бекітілсін.
2. Осы Ереже талаптары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс

министрлігі Кеден комитеті органдарына да тиесілі.

3. Салық полициясы комитетінің кадр аппараттары осы бұйрықты зерделеуді және оқуға түсушілерге дер кезінде мәліметтер беруді ұйымдастырысın.

4. Салық полициясы академиясының бастығы оқуға түсуге үміткерлерді қабылдауды бекітілген Ережелерге сәйкес қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Салық полициясы академиясының бастығына (М.Ч. Қогамовқа) жүктелсін.

Төраға

ҚР МКМ СПК
2000 жылғы 25 мамырдағы
N 51 бұйрығына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің Салық полициясы академиясына қабылдау ЕРЕЖЕСІ

1. ҚР МКМ Салық полициясы комитетінің Салық полициясы академиясына орта және арнайы орта білімі бар (жоғары - екінші жоғары білім алу сырттай оқу тәртібі бойынша) салық полициясының қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сай келетін, қызметке және оқуға денсаулығы жарамды, байқаулық түсу емтихандарын табысты тапсырған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. ҚР МКМ Салық полициясы комитеті Салық полициясы академиясының сырттай оқу біліміне ақылы негізде, Қазақстан Республикасының орта және арнайы орта білімі бар азаматтары толық мерзімде, Академия мамандықтарына сәйкес арнайы орта немесе жоғары кәсіптік білімі бар азаматтары қысқартылған мерзімде оқуға қабылдана алады. Көрсетілген санаттардың оқу ісінің жұмысын дайындау Академияда жүргізіледі. Оқуға түсушілер мынандай құжаттарды тапсырады: арыз, 086-У формалы дәрігерлік анықтама, Академияның қабылдау комиссиясымен куәландаурылған білімі жөніндегі құжаттың көшірмесі, 3x4 көлемді үш фотосуреті. Құжаттарды қабылдау оқуға түсушінің жеке куәлігінің негізінде іске асырылады.

2. Құндізгі оқу біліміне түсу емтихандары 23 шілде мен 2 тамыз аралығында жүргізіледі, сырттай оқу - Академия бастығы белгілеген мерзімде.

3. Қабылдау ережелері туралы ақпараттар, қабылдау комиссиясының қабылдауды өткізу мен ұйымдастыру туралы шешімдері, емтихандар кестесі, сол сияқты басқа да керекті ақпараттар оқуға түсушілерді уақытында хабардар етіп отыру мақсатында ақпарат тақталарына ілінеді.

4. Академия бастығы - қабылдау комиссиясының төрағасы, тәртіп бұзушылық және басқа да себепті негіздерге байланысты оқуға түсушіні іріктеу органының үкіміне қайтарып жіберуге құқылы.

5. Академияда талапкерлер арнайы ұйымдастырылған медициналық комиссияның қосымша медициналық және психофизиологиялық куәландаурынан өтеді.

6. Академияның құндізгі оқу біліміне түсушілер дене шынықтырудан көрсеткіштерге сәйкес сынақ тапсырады. Қанағаттанғысыз бағалар алған талапкер келесі сынақтарға жіберілмейді. Сырттай оқу біліміне түсушілер дене

шынықтыру сынағын тапсырудан босатылады.

7. Академияға түсуші үміткерлер емтихандарды қазақша немесе орысша

тілдерде тапсырады.

8. Тұсу емтихандары (тестілеу) жалпы орта білім беретін мектептердің бағдарламасына сай төрт пән бойынша жүргізіледі. Сырттай оқу бөліміне Салық полициясы комитетінің қызметкерлері, сонымен бірге Академияның мамандықтарына сай арнайы орта немесе жоғары кәсіптік білімі бар басқа да азаматтар арнайы әңгімелесудің нәтижесінде қабылданады.

9. Мамандықтар бойынша тест сынақтары үшін келесі пәндер белгіленген:

"Юриспруденция" - N 0216 мамандық "Кеден іci" - N 0801 мамандық

1. Жалпы тарих - (мамандыққа тән) 1. Математика - (мамандыққа тән)

2. Математика 2. География

3. Қазақстан тарихы 3. Қазақстан тарихы

4. қазақ тілі немесе орыс тілі 4. қазақ тілі немесе орыс тілі

Әр пән бойынша тест тапсырмалары 30 сұрақтан тұрады, олардың жалпы саны 120 болады.

Дұрыс жауап бір ұпаймен бағаланады. Пәндердің жинақ тесті бойынша оқуға түсушінің жауаптарының саны 40 ұпайдан және одан кем ұпай болса, жауабы "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланады, ал оқуға түсуші сайысқа қатысадан босатылады.

10. Үш пән бойынша жинақ тестіне үш астрономиялық сағат бөлінеді.

11. Емтихандардың қорытындысы жинақ тестісі өткізілгеннен кейін бір тәулік ішінде оқуға түсушілерге мәлімделеді.

12. Дұрыс жауаптардың кодтары тест сынақтары өткізілгеннен кейін ақпараттық қабырғаға бірден ілінеді.

13. Алынған бағаны (тест ұпайын) көтеру мақсатында емтиханды қайта тапсыруға үзілді-кесілді тыйым салынады. Тестің қорытындысы жария болғаннан кейін шағым арыз бір тәулік ішінде қабылданады және қаралады. Алынған бағаны (тест ұпайын) қабылдау комиссиясының дәлелденген шешімімен өзгертуге болады.

14. Оқуға алыну қабылдау комиссиясының ашық отырысында бөлек мамандықтар мен тілдік білімдерге тұсу емтихандары қорытындылары негізінде, медициналық куәландыру мәліметтері бойынша, бұлғынген қабылдау орындарын

есепке ала отырып жүргізіледі.

15. Толық тесті тапсырусыз оқуға белгіленген занды тәртіпке сәйкес келетін талапкерлер қабылдануы мүмкін.

16. Жиган ұпайларына сәйкес тұсу емтихандарын табысты тапсырған басқа талапкерлер оқуға жалпы сайыс бойынша қабылданады. Алынған баллдар тең болса, оқуға алынуға құқығы жоғары:

- жетімдер және ата-аналарының қамқорлығының қалған балалар;
 - ұздік аттестаты немесе ұздік арнайы кәсіптік білім дипломы барлар;
 - қаза болған немесе қызмет бабымен мүгедек болған Салық полициясы комитетінің және Кеден комитетінің қызметкерлерінің балалары;
 - Салық полициясы комитетінің және Кеден комитетінің қызметкерлері.
17. Оқуға қабылданғаны туралы қабылдау комиссиясының шешімі Академия бастығының бүйрығымен жасалады. Бүйрықтың көшірмесі өндірістен қол үзіп оқуға қабылданғандардың жол сапарға шығуына, еңбек демалысын және сырттай оқуға түсушілердің басқа да жеңілдіктер алуларына негіз бола алады.

18. Конкурстан өтпеген оқуға түсушілер салық полициясының және кеден органдарының өкіміне жеке істерімен және қабылданбаған себептері көрсетіліп қайта жіберіледі.

19. Тұсу емтихандарын тапсырған, бірақ Академияға түспеген оқуға түсушілердің тілегі бойынша белгіленген ұлғіде емтихандардың қорытындылары (пәндер бойынша ұпай) беріледі.

20. Жедел статистикалық есеп беру қорытындысы бекітілген формалар мен мерзімдерге сәйкес Салық полициясы комитетінің кадрлар аппаратына және Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі, қабылдауды өткізу мен ұйымдастырудың, сонымен бірге тындаушыларды қабылдауға қатысты

бүйрықтардың көшірмелері туралы қорытынды мәтіндік есеп қабылдау аяқталғаннан кейін он тәуліктік мерзім ішінде тапсырылады.

21. Бірінші курсқа түскен тындаушылар 10 күн ішінде себепсіз сабакқа кіріспесе, Академиядан шығарылады. Шығарылғандардың орнына қабылдау комиссиясы сабак басталғаннан 1 айдың ішінде сайыстан өтпегендерді осы Ереженің 16-тармағы негізінде қабылдауға құқы бар.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК